Алайда, баланың тіпті ең үздік деген жетістіктерінің өзі болашақ таланттың жеткілікті кепілі бола алмайды. Туа біткен бейімділіктер индивидуалдық психологиялық ерекшеліктердің қалыптасуының күрделі процесінің бір шарты ғана, оның бәрі қоршаған ортаға байланысты. Балада ерекше қабілеттіліктер болуының нышандары оның жасынан ажырағысыз: олар көбіне кемелдену қарқынына және жастық өзгерістерге байланысты [4; 164].

Дарындылықтың бағалануы тестілеуге ғана негізделмеуі керек – оның дәрежесі мен өзіндік ерекшелігі оқыту мен тәрбиелеу барысында, балалардың белгілі бір мазмұндағы іс-әрекетті атқаруы кезінде байқалады. Ерте бастан мамандандыру күн ілгері және шамадан тыс болмауы керек. Дарынды балалардың анықталып кемелдендірілуі мектептер (мысалы, музыка, математика мектептері) факультативтік сабақтар, алуан түрлі үйірмелер, студиялар, мектеп оқушыларының олимпиадаларын, балалардың көркем өнерлерінің конкурстарын өткізу және т.б. жағдай жасайды. Дарынды балалардың дамуының теңелуіне жол беруге болмайды. Мұндай балалардың оқу жүктемесі, оқыту және тәрбиелеу нысандары олардың мүмкіндіктеріне

сай келуі тиіс. Дарынды балалар туралы қамқорлық қабілеттердің дамытылуын жалпы білімдік дайындықпен және тұлғаны кемелдендірумен ұштастырылуын көздейді [5; 35].

Баланың дарындылығы деп – бірдей өмір шартында, өз құрбыларымен салыстырғанда оқуға қабілеттілік және шығармашылық құбылыстары жоғары болып табылуы түсіндіріледі.

«Дарындылық» – бұл «дарын» сөзінен шыққан және ол дамудың аса қолайлы, сыртқы алғышарттарын білдіреді. Педагогикалық энциклопедияда бұған келесі түсінік беріледі: «Дарындылық» – бұл адамның белгілі іс-әрекет аумағында ерекше табыстарға жетуге көмектесетін, қабілет дамуының жоғары деңгейі. «Дарындылық» түсінігі «қабілет» түсінігіне өте жақын. «Қабілеттілік» сөзі орыс тілінде кем дегенде екі мағынаны қамтиды. Д. Н. Ушаковтың талқылау сөздігі бойынша: табиғи дарын; бір нәрсені жасай алу мүмкіндігі [6; 78].

Біз «қабілеттілік» сын есімінің бірінші сөздік мағынасында (мысалы, «қабілетті оқушы», «қабілетті жас ғалым») қолданамыз. Осындай жағдайда бұл терминдер, яғни «дарындылық» және «қабілеттілік» өте тығыз байланысты, мәнделес, оларды айыра алмай да қаласың. Бірақ жоғарыда келтірілген «қабілеттілік» сөзінің басқа да мағынасы бар. Ол – жинақталған тәжірибе нәтижесі және ол толығымен соған бағытталады (Н. С. Лейтес) [7; 123].

«Қабілеттілікке» философиялық энциклопедиялық сөздікте мынадай түсінік берілген: «Қабілеттілік – бұл субъективті жағдайда белгілі бір іс-әрекеттің табысты орындалуындағы жеке тұлғалық даралық ерекшеліктері». Қабілеттілік индивидте бар білім, дағды, үйренуге бағытталмайды. Ол кейбір іс-әрекеттерді орындауда басқалардың әдістері мен тәсілдерінен тереңдегі мен беріктігінен көрініс береді және оған жетуге мүмкіндік беретін ішкі психологиялық регулятор болып табылады [8; 90].

Дарындылық – бұл бірдей өмір шартында, қатарларымен салыстырғанда үйрену мен оқытуда аса жоғары қабылдаулары мен шығармашылықтың ерекше көрініс беруі. Дарындылық – бұл тек ақыл-ой дамуының жоғары деңгейі ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның дамуына бағытталған кейбір ішкі талап-мақсаттар. Сонымен қатар, дарындылық – бұл әлеуметтік құбылыс. Өйткені, адамның іс-әрекетінің әлеуметтік сферада жетістіктерге жетуі туралы сөз болып отыр.

Әлеуметтік ортаның дарындылыққа байланысты жүргізілген әр түрлі зерттеулерінің нәтижесі (әлеуметтік-экономикалық қатынастар, қаржылық қамсыздандыру, әлеуметтік – күнделікті шарттар т.б.) әр түрлі. Осыған байланысты келесідей тұжырым жасауға болады: әлеуметтік-экономикалық шарттар дарындылықтың дамуына әсер етеді, өйткені, олар адамның өмір деңгейін анықтайды. Қоғам экономикалық дамыған сайын, ол адам дамуы үшін қолайлы болып келеді [9; 145].

Дарындылықтың дамуында да жанұя өте маңызды жағдай болып келеді, соның ішінде: жанұя құрылымы мен оның эмоционалды климаты; бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас стильдері; ата-аналардың бала дарындылығына қатынасы. Жанұя құрылымы мәселесіне жүгіне отырып, балалардың көбі (87 %), толық жанұяларда тәрбиеленген деп айтуымызға болады. Жиі, 70 % жағдайында жанұяда балалармен және ата-аналармен қатар, туыстарының ішінен біреулер: әжелер, апалар және ағалар, жиендері тұрады. Зерттелген балалардың ешқайсысында кіші сіңлі-қарындастары немесе інілері болмады. Р. Зайонц зерттеулері көрсетуі бойынша интеллектуалды дарындылық, жанұядағы балалар санынан тәуелді. Р. Зайонц бойынша, жанұяда іні мен қарындас, сіңлілер көп болған сайын интеллектуалдылықтың коэффициенті орташа болып келеді.

Жанұя құрылымы, көп жағдайда туыстар арасындағы қатынастар және жанұяның эмоционалды климаты жүйесімен байланысты. Өзара қарым-қатынастың мазмұнды жағы туралы айта келе, көптеген зерттеушілер балаға қарама-қарсы жынысты ата-ананың әсері мәнді деп көрсетеді. Көптеген зерттеушілер дарынды балаға жылылық, оны қабылдау, сүйу және сыйлау қажет деп санайды.

Бала мен ата-ананың қарым-қатынас стилі туралы мәселе аса ауқымды зерттелген. Ғалымдар баланы қатты бақылауға алу, күш көрсету, қысым көрсету сияқты стильдер дарынды тұлғаны дамытуға мүмкіндік бермейді деп санайды.

Р. Хесс және В. Шипман өзара әрекетті ата-аналық стильдері императивті және инструктивті деп бөлді. Императивті стиль үшін мынадай бұйрықтар сәйкес келеді: «Мен айтқан секілді жаса...», «Тыныш отыр...». Ата-аналар баласының айтқандарын бұлжытпай орындауын күтеді. Олардың қатынасы ересектің беделіне негізделеді. Мұндай стиль балада пассивтік және тәуелділік пен конформизмді дамытады [10;87].

Инструктивті стильде ақпарат көбірек болады, ал талаптар мынадай болып негізделеді: «ойыншықтарыңды жина, ал мен еденді сыпырамын...». Ата-аналар баласымен өзінің теңі ретінде әңгімелеседі. Олардың талаптары, заңдылықтары саналы түрде жүреді. Бұл, балада инициативалықты дамыту (бастау) және қаттылықты тәрбиелейді.

Ата-аналардың бала дарындылығына деген қатынасы маңызды болып табылады. Бұл фактор – бала мүмкіндіктерін іске асыруға әсер ететін негізділердің бірі. Бұл жағдайда қарым-қатынас типтері мынадай болып келеді: теріс; ашуландырушы (игнорирующее); дұрыс-оң; гиперсоциализация (ата-аналар дарындылықты, өз-өзін таныту мүмкіндігін, өз баласының қабілеті арқылы жасауы немесе өздерінің орындалмаған потенциалды мүмкіндіктерін іске асыру). Дарынды балаларда әділеттілік сезімі болады. Адамгершіліктің ерте дамуы қабылдау мен таным процестерінің дамуы алға басуымен байланысты.

Олар қоршаған ортадағы әділетсіздікке өте сезімтал болады, өздеріне және айналадағыларға үлкен талаптар қояды. Дарынды балалар есептерді шығаруда ойын элементтерін енгізеді, киялы дамуда болады, шығармашылығы, фантазиясы терең дамыған (ойдан шығарған достары, аға-інілері, апалары).

Дарынды балаларда әзіл-сықақ сезімі өте дамулы, күлкілі, сәйкес келмеушіліктерді, сөздерді жасыру т.б. ойындарды ұнатады.

Дарынды балалар эмоционалды баланс жетіспейді, олар балалық шақта шыдамсыз болады.

Дарынды балалар энергиясы көп болуымен және олар аз ұйықтауымен ерекшеленеді. Олардың моторлы координациясы мен қолдарын басқару, танымдық қабілеттерінен артта қалады. Оларға практика қажет. Мұндай балалардың интеллектуалды және дене-физикалық дамуының арасындағы ерекшелік оларды толғандырып, өзбеткейлігінің дамуына әсер етуі мүмкін. Дарынды балалардың көру процесі 8 жасқа дейін тұрақсыз, оларға жақын қашықтағы фокусті алыстағыға алмастыру қиынға соғады.

Дарынды бала қарым-қатынас жүйесінде де ерекшеленеді. Мектепке дейінгі шақта, олардың жүргізуші іс-әрекеті – рольдік ойындар. Балаларға құрбыларымен жеткілікті түрде айқын және тұрақты көрінетін қарым-қатынасқа деген қажеттілік туылады. (М. И. Лисина, Л. Н. Галигузова) [11; 76].

Дарынды балалардың мінез-құлықтары мен жеке тұлғасының кейбір ерекшеліктері, оларды құрдастырының түсінбеуіне, олардың өзара қарым-қатынасында дау-жанжал кездесуіне және тіпті басқа балалардың оларды шеттетуіне әкелуі мүмкін. Оған мыналар себеп болады: серіктесін тыңдай алмау, доминанттылыққа ұмтылу, бірге ойнайтын ойындарда өзіне ұйымдастырушы ролін алу, өз білімін көрсетуге ұмтылу, ересектердің зейінін өзіне аудартуға әрекет ету, табысы өзінен төмендеу балаларға қатысты шыдамсыздық таныту, комформсыздық, басқаларды дұрыстау әдетінің болуы Л. Хоменгуерт дарынды балаларды шеттетудің тағы бір мүмкін болатын себебін көрсетеді: «ойы жоғары болуына орай, дарынды балаларға өз құрбыларының ойындары қызықсыз болуы мүмкін». Өз құрбыларымен өзара әрекетінде қиындықтар кездескендіктен немесе олардың себептерін түсінбеуінен, балалар ересектермен және үлкен балалармен достасуға ұмтылады. Бірақ үлкен балалармен қарым-қатынасы кезінде, оларда қиялдың тууы мүмкін. Себебі, үлкен балалардың дене-физикалық дамуы озық болады, сондықтан дарынды балаларға мұндай қоғамда лидер болу қиынға түседі. Қозғалу дағдыларының дамуы алға басқан үлкен балалар сияқты бір нәрсені жасай алмағандықтан, дарынды бала өздерінің адекватты еместігі мен өзіндік бағалаудың төмен болып қалыптасуына әкелуі мүмкін. Өйткені, олар өздерінің жетістіктеріне өте сыншыл болып келеді. Адамдармен қарым-қатынасында өзінің мүмкіндіктері туралы пікірлері кесірін тигізеді.

Сондықтан дарынды баланың өз әрекетін іске асыруда «Мен» концепциясы маңызды болып табылады.

Дарынды баланың интеллектуалдық қажеттілігі эмоционалды күйдің күрделілігіне, неврозға және тіпті психозға әкелуі мүмкін. Ал невроздар өз кезінде депрессияға әкелуі мүмкін. Бұл кезде бала өзін айналаланы танып білуге неге ұмтылатынын түсіне алмайды. Ол шындық пен ойдан шығарудың арасындағы шкаланы бұзатын өзінің қиялындағы әлемге кетуі мүмкін.

Бала қаншалықты дарынды болса да, оны оқыту керек екенін ұмытпау қажет. Оларды тұрақтылыққа, еңбек етуге, өз бетімен шешім қабылдауға үйрету керек.

Дарынды бала қысымды, шеттетуді, айқай-шуды көтермейді. Баланы мектепке дейінгі уақыттан бастап шығармашылық еңбекке қатыстырып, шығармашылыққа қолайлы жағдай туғызу қажет.

Таланттарын дамыту үшін дарынды балалар өз уақытын еркін жұмсап, кеңейтілген оқу жоспарымен оқытылу керек. Бала өз мұғалімі жағынан назар аудару мен индивидуалды қолдау көрсетуді сезуі қажет. Бұл жерде нені емес, қалай оқыту маңызды болып табылады. Дарынды баланың айтылған ойлар мен болжамдарды талдай алу мүмкіндіктері, табиғи аналитикалық және сыншыл ой-тұжырымның дамулы екендігіне сәйкес келеді.

Қазіргі жағдайда дарынды балалармен жұмыс жасаудың түрі – балалар шығармашылық үйлерін құру болып табылады.

Дарындылық түрлерінің дифференциациясы сыныпификацияға негізінделген критерий бойынша анықталады. Дарындылықта сандық және сапалық аспектіні бөлуге болады.

Дарындылықтың сапалық мінездемесін талдау бойынша түрлерді адамның психикалық мүмкіндіктерінің спецификасына және оладың қандай да бір іс-әрекетте көрінуіне байланысты бөлуді ұсынады. Дарындылықтың сандық мінездемесін талдау адамның психикалық мүмкіндіктерінің деңгейін сипаттауға мүмкіндік береді.

Ғалымдар дарындылық мәселесін зерттей келе, оның жалпы және әдейі немесе арнайы түрін бөліп көрсетеді. Дарындылықтың 2 түрі де іс-әрекеттің әр түрлілігі мен формасында жалпы кезеңдер болуына байланысты. Осылай, жалпы ақыл-ой дарындылығы іс-әрекеттің барлық түрімен қамтамасыз етілгенде ғана орындалады. Олардың табысты орындалуы үшін белгілі ақыл-ой сапасы, «ақыл-ой құндылығы» қажет болады. Арнайы дарындылық, өзі ерекше ашылып көрінетін белгілі іс-әрекет түрлерімен байланысты (математикалық, техникалық, музыкалық, сурет салу өнері, ақындық дарындылық және т.б.).

Кәсіптік қабілеттерді зерттеумен танымал ғалым Ч. Спирмен ақыл-ой энергиясының жалпы факторы бар екенін көрсетті. Ол фактор түрлі іс-әрекеттің табысты шешілуін анықтайды.

Жалпы ақыл-ой дарындылығы ақыл-ой жетістігі талап етілетін жағдайдың бәрінде болады (жалпы сұрақ-әртүрлі жаттығуда индивидтің ақыл-ой қабілеті мүмкіндігінің бірдей болмауы). Мектептің жалпы білім беру шартындағы оқушылар арасындағы ақыл-ой қатынасы бойынша ерекшеліктер жоспарда бірінші орынға шығады.

Мектепте «орташа оқитын» оқушыны бағалау негізінде бағдарлау өткен уақыттарда қалды. Қазір біздің қоғамның жаңа дамуында құрбыларын интеллект белгілерін көрсете отырып, озық еткен балаларға көңіл аудару – мектептің көкейтесті міндетінің бірі болып табылады.

Жалпы ақыл-ой қабілеттілігіне біршама психологтардың зерттеу жұмыстары арналған. «Ақыл-ой» мүмкіндігінің біртұтас сипаттамасын, жиі «интеллект» сөзімен белгілейді. Психологияда бұл термин аумағында дау-жанжал туылуда: интеллект құрылымының күрделілігі анықталуда, оның әр түрлі сапалы түрлері бөлінуде. Бірақ бұл терминнен бас тарту дұрыс емес секілді көрінеді. Ол таным және шығармашылық мүмкіндіктердің өзіндік деңгейін белгілеуге арналады (ақыл-ой сферасында), яғни көбіне «ақыл-ой дарындылығы» түсінігінің термині ретінде қолданылады [12;78].

Интеллект – өсіп жатқан адамның түрткі болулары мен ұмтылыстарымен біртұтас дамуы күмәнсіз. Ақыл-ой дарындылығы интеллектке сай келмейді. Дарындылық – бұл жеке тұлғаның ерекше құрылымы.

Ақыл-ой дарындылығының арнайы түрлері, яғни философиялық-теориялық жаттығуларға, қоғамдық іс-әрекетке, қандай да бір ғылым аумағында, техникаға немесе ұйымдастырушылық-практикалық іс-әрекет түрлеріне дарындылық мәселенің маңызды бөлігі болып табылады.

Ақыл-ой дарындылығы – бұл жалпы және жеке ақыл-ой сапасының сәйкес келуі. Психологиядағы бар материалдар, мұғалімдер мен тәрбиешілерді ақыл-ойға байланысты дарынды балалардың 3 категориясына назар аударуға көмектеседі. Бірінші категорияда – өмірдің бірдей шартында ақыл-ой дамуының ерекше жоғары деңгейін көрсететін балалар. Олар жиі мектепке дейінгі және төменгі сынып жасындағы балалардың арасында кездеседі. Екінші категорияда – арнайы, мысалы: математика немесе басқа ғылымның қандай да бір аумағында ақыл-ой қабілеттілігінің белгілері бар балалар. Мұндай оқушылар жасөспірім жаста байқалуы мүмкін. Үшінші категорияда – оқуда табысты болып үлгермеген, бірақ психикасының оригиналдылығымен, танымдық белсенділігімен, сирек кездесетін ақыл-ой қорымен қамтамасыз етілген балалар енгізілген. Бұл жерде потенциалды немесе «жасырынды» дарындылық туралы сөз болып отыр. Мұндай ақыл-ой мүмкіндігі бар оқушылар жоғары сыныпқа дейінгі жаста жиі көрінеді.

Балалардың жалпы интеллектуалды және арнайы дарындылығы түрлерінен бөтен, бұл феноменнің даралығы басқа критерийлер бойынша да болуы мүмкін. Ресейлік психологтар (Ю. А. Бабаева, Д. Богоявленская,

А. В. Брушлинский, В. Н. Дружинин, И. И. Ильясов, Н. С. Лейтес, А. М. Шумакова, А. Н. Панов, И. В. Клиш, М. А. Холодная, В. Д. Шадриков, Н. Б. Шумакова, В. С. Юркевич): «дарындылықтың жұмысшы, жиі қолданылатын концепциясы» деп берілген психологиялық білім берудің келесі критерийлері мен сыныпификациясын бөледі: психика сферасын қамтамасыз етушілер мен іс-әрекет түрлері; дарындылықтың қалыптастырушы деңгейі; дарындылықтың көрініс беру формасы; дарындылықтың әр түрлі іс-әрекет түрінде көрініс беруінің ауқымдылығы, дамудың жас ерекшелігі [13;54].

Бүгінгі күнде дарындылық мәселесі түбегейлі шешілмеген және дағдарысы мен дарындылық табыстылығы арасында қарама-қайшылық бар. Дарындылық нәресте шақтан пайда болады, ол үнемі дамытуы қажет етеді.

Арнайы ұйымдастырылған оқыту процесінің өзі оқытушы мен дарынды оқушының арасындағы түрі жағынан бірлескен-диалогтық, ал мазмұны жағынан танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыруға болады. Осыған байланысты дарынды баланың жеке тұлғалық дамуы жүреді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Матюшкин А. М.** Загадки одаренности. – Москва, 1993. – 220 с.
- 2 **Чудновский В. Э.** Одаренность: дар или... – Москва: Знание, 1990. – с. 15–28.
- 3 Учителю об одаренных детях (пособие для учителя) под ред. В. П. Лебедевой. В. И. Панова. – Москва: Молодая гвардия, 1997. – с. 18–26.
- 4 Психология одаренности детей и подростков / под.ред. Н. С. Лейтеса. – Москва: Издат. Центр «Академия», 1996. – с. 4–55.
- 5 **Лейтес Н. С.** Об умственной одаренности. – Москва, 1960. с. 158–171.
- 6 Краткий энциклопедический словарь. – Москва: Юрид. Литер, 1997. – с. 13–17.
- 7 **Яковлев Е.** Развитие творческой одаренности детей школьного возраста (школьный психолог) №39, 2001. – с. 6–7.
- 8 **Готсдиннер А. Л.** К проблеме многосторонних способностей. Вопросы психологий. – М., 1991. №4, – с. 82–88.
- 9 **Лейтес Н. С.** Способности и одаренность в детском возрасте. – Москва, 1984. – с. 3–12, 54–68.
- 10 Педагогика и психология одаренности школьников (под ред. У. Б. Жексенбаевой, А. К. Сатовой. – Алматы, 2002. – 248 с.
- 11 Одаренные дети (пер. с англ. // общ. Ред. Г. В. Бурлинской и В. С. Слуцкого. – М., 1991. – с. 151–166, 166–314, 191–194.
- 12 **Асмолов А. Г.** Личность как предмет психологического исследования. – Москва: изд. МГУ, 1984. – 105 с.
- 13 **Выгодский Л. С.** История развития высших психических функций. В собр. Соч. в 6–томах. 3 том. – Москва: Педагогика, 1983. – с. 86–97.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 18.09.12 редакцияға түсті.

Г. К. Касымбекова, А. Р. Жунусова

Изучение проблемы одаренности

Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова,
г. Павлодар. Материал поступил в редакцию 18.09.12.

G. K. Kasumbekova, A. R. Zhunusova

Examination of abilities problem

Pavlodar state university named after S. Toraigyrov, Pavlodar.
Material received on 18.09.12.

В данной статье рассматривается понятие одаренности и проблемы ее изучения. Объектом исследования в настоящей статье являются процесс развития одаренности. Предметом исследования является взаимосвязь одаренности и особенностей интеллектуального развития. Целью настоящей статьи является выявление и комплексное исследование в теоретическом и практическом аспектах основных проблем, связанных с выявлением одаренности. Актуальность выбранной темы исследования определяется задачами практики по выявлению одаренностей и их развития. В настоящее время нет единого мнения о понятии способностей, нет единой программы по выявлению и их развитию. Данная программа обеспечивала бы интенсивное развитие исследований и использование накопленного практического опыта выявления одаренности, а также оказание одаренным детям психологической помощи. В работе приводятся мнения авторов о понятии одаренность. Дается авторское толкование понятию одаренность.

In this article the concept of abilities and the problems of their examination are reviewed. The research object in the article is the process of the abilities developing. The subject of the research is interconnection of abilities and features of intellectual development. The aim of the given article is exposure of abilities and complex research in the theoretical and practical aspects of the basic problems related to the exposure of abilities. Actuality of the chosen theme of research is determined by the tasks of exposure of abilities and their development. Presently there is no single opinion on the concept of abilities, there is no single program on their exposure and development. This program would provide intensive development of researches and use of the accumulated practical experience of exposure of abilities of the gifted

and talented children, and also provide them with the psychological help. In the research the authors' opinion about the concept "ability" is given. Authors' interpretation to the concept "ability" is given.

ӘОЖ 37.03

А. Р. Жунусова, А. Ж. Куватов

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ ӨМІРГЕ ДЕГЕН БЕЛСЕНДІЛІК ҰСТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РЕТРОҚАГИДАЛАРЫ

Мақалада дене тәрбиесіндегі жастардың дене қабілетін белсенділікке бағдарлаудың ретроқағидалары қарастырылады.

Бүгінгі таңда қазақ елі тәуелсіз мемлекет аталып, өзінің жоғын жоқтап, елдігінің, халықтығының белгісі, биік мәртебесі болып табылған рухани байлығы – тілінің, тарихы мен мәдениетінің ауыр тағдырын қайта карауға мүмкіндік алып отыр. Бұл ондаған жылдар бойы жүргізіліп келген үшқоры, шет қақпай саясаттың нәтижесі. Ойындардың көбі еленбей, мағынасы көрсетілмеген. Қай халықтың болмасын ойын-сауығы болады. Жалпы ойынның қандай түрі болмасын, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Яғни, халық ойындары тіршілік қажетімен туады да, психологиялық жағынан денсаулық сақтау, тірлік элементі ретінде өркенін жаяды. Жалпы ойынның қандай түрі болмасын жасөспірімдердің сан алуан мәдени, рухани талап-тілектеріне бағытталуға тиіс.

Ойын – тарихи қоғам өміріндегі құбылыс, өз бетінше адамға тән қалыптасқан іс-әрекет. Ол өзін-өзі бөлудегі лажсыз әдіс, демалыстағы ойын-сауық дене және әлеуметтік тәрбиедегі тәсіл спорттағы тиімді құрал.

Әуелде ойынның түрлері жартылай өнер ретінде алғашқы қоғам дәуіріндегі адамдардың қай-қайсысының болмасын еңбектегі қимылын, күнделікті өмірін, тұрмыс-жағдайын қамтып көрсетудегі іс-әрекет болды. Ал қазіргі уақытта болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі ойынның орны мен маңызы ерекше, сондай-ақ, ол жасөспірімдермен идеологиялық жұмыс жүргізуге мүмкіндіктер туғызады.

Ойын өте сезімшіл әрекеттерге бой алдырғыш тиімді құрал, сол себепті оны тәрбие жұмыстарына пайдалану зор нәтиже әкеледі. Ұлттық ойындар қай-қайсысы болса да күшті, жылдамдықты, ептілікті және төзімділікті мейлінше жетілдіруге мүмкіндік береді.

Қазақ даласында ең көп тараған және біз білетін ойындардың бірілері: «Тоғызқұмалақ», «Айгөлек», «Алтыбақан», «Тең көтеру», «Арқан тартыс», «Ұпай», «Сақина тастау», «Алтын сақа», «Ақсерек, көксерек», «Орамал тастау», «Бес тас», «Асық ойындары», «Хан талапай», «Асық ату».

«Күшті боламын десең – жүгір

Сұлу боламын десең – жүгір

Ұзақ жасаймын десең – жүгір»

– деген ерте дүниедегі грек халқының данышпан ғалымдары. Жан-жақты жарасымды дамыған ертеңгі ұрпақты жастарды тәрбиелеу жүйесінде дене тәрбиесі маңызды орын алады. Ал оны неғұрлым баланың жас кезінен бастап үйретсе, нәтижелі болатынын ғылым да, өмірлік тәжірибе де көрсетіп отыр. Денені шынықтыру, спортпен айналысу – адам денсаулығын жақсартып ауруға шалдықтырмай, сымбатты, өз-өзіне сенімді, салауатты өмір сүрудің кепілі. Уақыт өткен сайын адам ағзасында түрлі өзгерістер болып тұратыны табиғи заңдылық. Осы өзгерістер кезінде денсаулыққа көмек беретін дене шынықтыру деп білеміз.

Ел Президентінің «Қазақстан – 2030» жолдауындағы ұзақ мерзімді басымдылықтың бірі «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әлауқаты» тармағында былай делінген: «...салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткелерді, темекі мен алкогольді тұтынуды қойып, тазалық пен санитария шараларын сақтауымызға және тағы сол сияқты бағытталған».

Гимнастикамен, жеңіл атлетикамен, жүзумен, шаңғымен және тағы басқа спорт ойындарымен жүйелі түрде және үздіксіз айналысатын жастар дені сау болып қана қоймай, дене жаттығуларын орындаумен айналыспаған өздерінің құрдастарына қарағанда сергек, саналы болып өсетін ғылым мен өмір тәжірибесі толық дәлелдеп отыр.

Студенттердің Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан кеңістігінде өмірге деген белсенділік ұстанымын қалыптастырудың қағидалары түзіледі:

1) жеке тұлғаның ұлттық ойын арқылы белсенділік ұстанымын айқындау және оны қалыптастырудың қағидасы;

2) жеке тұлғаның Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ЖОО мемлекеттік стандарт талабына сай дене шынықтыру пәнінің мазмұнына ұлттық ойындарды олардың құзыреттілігін арттыру мақсатында енгізу қағидасы;

3) ұжымдық психологияның қозғаушы күші жеке тұлғалық психологияға бағыну іс-әрекеті тұрғысында жүзеге асырылу қағидасы;

4) оқыту жүйесінің қарапайымнан күрделісіне, оңайдан күрделілігі өрлеу қағидасы;

5) оқыту үдерісіндегі оның ғылымилық қағидасы;

- 6) жақыннан алысқа, алыстан жақынға, нақтылыдан дерексізге бағдарлау бірлігіндегі қағида;
- 7) жүйелілік және реттілік қағидасы;
- 8) саналылық және белсенділік қағидасы;
- 9) білімнің тұрақтылығы және оның танымдық күшінің жан-жақтылық қағидасы.

Студенттердің дене шынықтыру пәнінде белсенділік ұстанымын қалыптастырудың қағидалары жаңадан туындаған нысан еместігін ескерсек, ретроқағида, яғни бұрыннан бүгінгіге дейін сабақтасып келгеніне маңыз береміз. Бірақ, жоғарыдағы түзілімдемен ұсынылған қағидалар бұрынғы тарихи педагогикадан бері келе жатқанымен, оны модернизм кеңістігіне бейімдеп алғанымыз жөн.

Аталған ретроқағидалар дене шынықтыру пәнінде ұлттық ойын арқылы студенттердің белсенділік ұстанымын қалыптастыруда қандай нәтиже бермек? Біріншіден, әр студенттің ішкі белсенділігін арттыратын ойын таңдалуы көзделеді. Мәселен, *«Тоғыз құмалақ»*.

Ойында жүз алпыс екі құмалақ. Бір ойыншыда сексен бір құмалақ. Барлығы тоғыз ұя жарысады. Үлкен бір қазан. Әр ұяда тоғыз құмалақтан болады. Ойынды бірінші бастаушы әркез ұядан бастайды және қостаушы өзінің әркез ұясынан жалғастырады. Ойыншы ұядан бірнеше құмалақ алып, әр ұяға бір-бірден салады. Ақырғы құмалақ түскен ұяда құмалақ саны жүй болса, ойыншы өз қазанына салады. Екінші ойыншы ойынды өз жүрісімен жалғастырады. Ойын барысы бойынша кім бірінші сексен екі құмалақ жинаса, сол женеді деп саналады. Ойын кезінде біріншіден бастап сегізінші ұяға дейін әркезінде екі құмалақ болса, екінші ойыншы сол ұяға ережені сақтап үшінші құмалақ салса, сол құмалақ түскен қазан *«Тұздық»* деп аталады.

Бұл ойынның мәтіндемесінен аңғарғанымыз студент жүз алпыс екі құмалақты ұдайы жарыстыру арқылы бөлшектен бүтіндік және шапшаңдық, логикалық ойлаудағы ішкі белсенділік секілді сапалар дамиды.

Екінші бір ойынның түрі – *«Тең көтеру»*.

Кілем үстіне бір ойыншы етпетінен жер бауырлап жатады. Енді «тең» болатын ойыншылар әлгі жатқан адамның екі жақ бүйіріне келіп, қарама-қарсы отырады да, екеуі де аяқтары оның арқасына салады. Отырған ойыншылар бірінші аяғын бірі мықтап ұстап алып:

Тең-теңімен,

Тезек-қабымен.

Ең алдымен сен көтер,

Екеуімізді тең көтер.

Жатқан ойыншы әлді болса, үстіндегі екі жігітті көтеріп алып, төрт тағандап жүре береді.

«Тең көтеру» ойынның кейбір күшті жігіттер екі иығына екі-екіден төрт адамды отырғызып та орындайды. Бұл қазақтың тұрмыс-салтынан тұрған, күшін сынайтын әрі сахнада да орындалатын спорт ойынының бір түрі болып саналады. Ұсынылып отырған ойыннан әр студент өзінің ішкі белсенділік ұстанымын ширатуына мүмкіндік алып, өз-өзін билейтін дәрежеге бағдар жасап, оның жүйесін түсінуге мүмкіндік алады.

Келесі бір ойын – «*Орамал тастау*».

Ойыншылар қоршалана тұрады (отырады), ойын бастаушы ортаға шығып, ескерту жасайды. «*Сөзге сөз тауып айтпасаңдар – сөздің атасы өледі*» – деген мақал бар. Алдымен қолына орамал алып, оны өзі қалаған баланың алдына тастайды. Оған бір сөз айтады.

Мысалы: *Бала*

Орамал алушы: *Бала балдан тәтті.*

Ойын одан әрі әрі қайталана береді. Әлгі орамалды үшінші балаға беріп, басқа сөз айтады.

Мысалы: *Мал*

Орамал алушы: *Мал баққанға бітеді.*

Осы орамалды келесі ойыншыға тастап, жаңа сөз беріледі.

Мысалы: *Сөз*

Орамал алушы: *Көп сөз күміс – аз сөз алтын.*

Әр студенттің сөйлеу іс-әрекетіндегі ғылымилық (өз деңгейінде) қағида басымдықта келіп, тапқырлыққа, ой ұшқырлығына ширауына қолайлы жағдай туғызылады.

Ұлттық ойындардың ішіндегі бүгінгі күнге дейін жеткені – «*Алтыбақан*».

Алтыбақан жаз күндері ойналады. Алтыбақанды құру үшін әрқайсысының ұзындығы 3–4 метрдей алты сырық ағашпен мықты арқан керек. Мосыға ұқсатып үш-үштен ағашты бір жақ басынан байлайды да, жерге қадап, ортасына көлденең тағы бір сырық қояды. Ойнаушылар арқанды аяғын тірейтіндей етіп тұйып байлайды. Тегінде арқанды тебушілер құлап кетпей, сүйеніп тұратындай етіп байлаған жөн. Мұнан кейін алтыбақан ойнаушылар карама-қарсы тұрып, байлаған арқанды аяқтарымен тіреп, бір бөлігімен белінен орап тебе береді. Алтыбақан тепкен екі ойыншының бастауымен жерде тұрған ойнаушылар әуенге қосылып ән салады. Қасындағы ойнаушылар оларды қозғап, екі жаққа тербетіп тұрады. Сөйтіп ойнаушыларды алтыбақанға кезек-кезек отырғызып алмастыра береді.

Ретроқағиданы іске асырудың бір амалы – «*Асық ойындарын*» дене шынықтыру пәнінің құрамына енгізу. Мемлекеттік стандарттағы жаттығуларды бірыңғай орындау студенттердің жалығуына әкелетіні тәжірибе барысында айқын көрінеді. Сол себепті ұлттық ойындардың түр-түрін сыналап енгізу арқылы мемлекеттік стандарттың талабын толықтай дерлік орындауға және олардың қызығушылық уәдесін арттыруға мүмкіндік береді.

Асық ойындары – қазақ даласында кең тараған ойындардың бірі. Бірақ бұл ойын ұлан-байтақ қазақ жерінің барлық жерінде біркелкі ойнала бермейді. Жер шалғайлығына қарай ойын түрлері мен ережелері де әр өңірде әрқилы болып келеді. Жалпы асық ойындары балалардың дене қимылының жітілігін, ептілігін, оңтайлығын арттыруға сондай-ақ, көз мергендігі мен қол икемділігінің дамуына көп септігін тигізеді.

Асықшылар асықтарын сан түрлі етіп бояп, сақаларын қорғасын құйып безендіреді. Жалпы, асық ойындарының бірнеше түрлері бар. Олар ойнау әдіс-тәсілдеріне орай, «Алшы», «Орда», «Ұпай», «Хан талапай» т.б. болып бөлінеді.

Қорыта келгенде, ұлттық ойындар арқылы дене шынықтыру сабағында студенттердің жан және тән саулығын сақтаудың ретроқағидасы бұрынғы заманнан бері дәстүрімізден жоғалмай келе жатқаны байқалды. Ұлттық сипатты айшықтайтын сараланып бүгінгі күнге жеткен ойындар студенттердің көңіліне қана келетін мазмұндылығы, тілінің жаттықтығы, танымның тереңдігі, түсінігінің үйлесімдігі секілді қасиеттерді дарытуға таптырмайтын нысан. Ұлттық кодымыздағы сана-парасатымызға табиғи тұрғыда жақын бұл ойындар тиімді қолданымда болған жағдайда берері мол. Дене қимылын қамтамасыз етумен шектелмей, тіл, ой, сөйлем құру, мысалы, парасатты сөйлеу, сөйлесім мен қатысымға түсу секілді іс-әрекеттер студенттердің таптаурын болған жаттығулары, жай қайталауларынан гөрі жаңа бір кеңістікке бойлауына бірден-бір мүмкіндік беріледі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 **Құдайкүлұлы Ф.** Мектеп балаларының ойындары. // Қазақстан мектебі, 2001, №4. – 6 б.

2 **Таникеев М. Т.** Қазақстанның ұлттық ойындарының көмегімен дене тәрбиесі. – Алматы, 1983. – 37 б.

3 **Шотаев М., Жұмабаев Н., Ақназаров С.** Таңғажайып тоғызқұмалақ. – Түркістан: ХҚТУ баспасы, 2004. – 16 б.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 19.09.12 редакцияға түсті.

А. Р. Жунусова, А. Ж. Куватов

Ретропринципы в формировании активной жизненной позиции молодежи посредством национальных игр

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар. Материал поступил в редакцию 19.09.12.

A. R. Zhumussova, A. Zh. Kuvatov

Retroprinciples in formation of the active life position of youth through national games

Pavlodar state university named after S. Toraigyrov, Pavlodar.

Material received on 19.09.12.

В статье рассмотрены направления ретропринципов активной жизненной позиции молодежи в физической культуре.

In the article there are considered the directions of retroprinciples of the active life position of youth in the physical culture.

ЭОЖ 316.624 – 053.6

А. Р. Жунусова, Т. М. Ташимова

ЖАСӨСПІРІМДЕРДЕ ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗДІҢ ПАЙДА БОЛУЫНДА ОТБАСЫ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ РӨЛІ

Бұл мақалада авторлар жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықтың пайда болу себептерін қарастырады. Отбасының бала тәрбиелеу функциясындағы теріс жақтарын және қоршаған ортаның баланың дамуына кері әсерін ашып көрсетеді.

Девиантты мінез-құлық (лат. *deviatio* – ауытқу) деп жалпыға ортақ ережелерден ауытқитын қоғамдық іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары, қалыптасқан құқық пен моральдық нормаларды бұзатын адамның мінез-құлқы болып табылады [1].

Жасөспірімдердің қоғамдық нормалар мен ережелерден ауытқитын девиантты мінез-құлығы әртүрлі формаларда көрінуі мүмкін: үлгерілмеушіліктен, өзіне сенімсіздіктен, жауап беруге қорқудан, үрейден, өзін-өзі төмен бағалаудан, пессимизмден, мектептегі сәтсіздіктерден, сабақты босатудан, тұйықтылықтан, құрдастарымен қарым-қатынас жасай алмауынан, ашушандығынан, қорқыныштан, өтірік айтудан, дөрекілігінен және т.б.

Жасөспірімнің әлеуметтік ортасы (отбасы, мектеп, тұлға жататын көптеген формальды және формальды емес топтар) жасөспірімнің тұлғасының, оның өзіндік танымын, Мен-концепциясын, Мен бейнесін қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Әлеуметтену үрдісінде Мен-концепциясына бастапқы әсер ететін отбасы болып келеді. Отбасы жасөспірімнің ерте кезіндегі әлеуметтенуіне ғана әсер етіп қоймай, сондай-ақ кейінгі өміріне де үлкен әсерін тигізеді. Себебі отбасы баланың жалғыз әлеуметтік ортасы болып келеді.

Ата-аналардың әрбір сөзі, мимика, ым, ишара, интонация, дауыстың тембрі, іс-әрекеттері, жақындауы балаға оның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыратын мәліметтер береді. Көптеген ата-аналар балаға берген бұл мәліметтерде қаншалықты мән жатқанын ескермей жатады.

Ғылыми әдебиеттерде соңғы кездері «динамикалық отбасы диагнозы» деген ұғым қалыптасқан. Оның негізінде отбасы дезадаптациясы және дұрыс тәрбие бермеу, отбасыдағы психологиялық бұзылыстар мен тәртіптің бұзылуы арасындағы себеп-салдарлық байланыстар, жасөспірімнің тұлғалық қалыптасуындағы аномалиялар жатыр (А. И. Захаров, Б. Д. Карварский, И. Н. Пятницкая, Н. Г. Найденова). Отбасының құрылымы мен функциясы бұзылған кезде отбасының ішкі өмірінде психологиялық күйзеліс пен қақтығыс пайда болады. Ата-аналар бала тәрбиесімен айналысуға, оларға толыққанды қоғам мүшесі болуға қажетті қасиеттер беруге шамасы келмейді. Мұндай отбасыда бала жағымсыз әлеуметтенудің құрбаны болады.

Жасөспірімдерді девиантты тәртіпке алып келетін отбасының келесі қарым-қатынас стильдері бөлінеді:

1. Тәрбиелік және ішкі отбасылық қарым-қатынастардың дұрыс үйлеспеуі (гиперопека, конфликтті жағдайлар және т.б.);

2. Толық емес отбасыдағы тәрбиенің тұрақсыз стилі (ажырасу, бала мен ата-аналардың жеке тұруы);

3. Отбасыдағы асоциалды стиль (алкогольды, есірткіні үздіксіз қабылдау, аморальды өмір сүру салты, ата-аналардың қылмыстық тәртібі, отбасылық қатаңдық, зорлық) [2].

Отбасының материалдық жағдайы аса маңызды орын алады. Аз қамтылған отбасыда тұратын жасөспірім қаражаттың үнемі жетіспеушілігін сезінеді, соған байланысты жағымсыз ортаға түсіп, ұрлық жасауы мүмкін. Бұл баланың ары қарай толыққанды дамуын тежейді. Ал материалдық жағдайы жақсы отбасылардың ішінде де келіспеушіліктер туып, жасөспірім девиантты мінез-құлыққа ұшырап жататын жағдайлар бар. Ол ата-ана мен бала арасында байланыстың, қарым-қатынас пен өзара түсіністіктің жоқтығынан. Ата-ана өз жұмысымен қолы босамаса, бала ата-ананың бар-жоғын да сезбей, өзіне қамқорлықты, қолдауды сырттан іздейді.

Ата-аналардың білімі жасөспірімдерде девиантты мінез-құлық пайда болуының формасы мен деңгейіне әсер етеді. Шылым шегу, сабақ босату, ашушаңдық таныту, дөрекілік, өтірік айту, алаяқтық, токсикомания, алкоголь қабылдау сияқты девиантты мінез-құлықтың формалары көбінесе білімі төмен ата-аналардың балаларында кездесіп жатады. Бұл ата-аналарда жалпы

педагогикалық білімінің болмауынан, арнайы педагогикалық әдебиеттерді оқуға қызығушылықтың болмауынан жасөспірім баланы тәрбиелеуде сапасыз тәсілдерді қолдануға алып келеді. Мұндай ата-аналармен арнайы педагогикалық жұмыс жасау талап етіледі. Баланы отбасыда тәрбиелеу кезінде ата-аналарға көмектесетін үнемі консультациялық қызметтер жүріп отыруы керек.

Отбасыдағы жағымсыз әсердің салдарлары жылдам әрі қайта түзеуге келмейтіндей пайда болады. Бұл – баланың психикалық ауытқуы, қиын тәртіп, әлеуметтік дезадаптация және девиантты мінез-құлық. Нәтижесінде отбасы және жасөспірім ғана емес, сондай-ақ барлық қоғам да зардап шегеді, яғни алдымен жеке тұлғаның мәселесі, отбасы ішіндегі мәселеге, бара-бара әлеуметтің мәселесіне айналады.

Сонымен, жасөспірімде девиантты мінез-құлық туындатып, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты бұзатын әрекеттер мыналар болып табылады: ата-аналардың тым жұмысбасты болуы, баланың тәрбиесіне көңіл аудармау, отбасыдағы шиеленістік жағдай, ата-аналардың ішімдікке берілуі, жасөспірімдермен қатал қарым-қатынас жағдайы, отбасыда жағымды атмосфераның болмауы, ата-ананың бала тәрбиелеудегі қателіктері, жасөспірім шақтың ерекшеліктері және т.б. болып табылады.

Девиантты мінез-құлықтың биологиялық факторлармен емес, адамның мәдениетімен, тәрбие беруімен тығыз байланысты екенін атропологиялық зерттеулер анық көрсетеді. Бұл зерттеулердің анықтауы бойынша, сыртқы және ішкі себептерден туатын күйзелістер мен эмоциялар адам қай мәдени ортаға жатса, сол ортаның формасына сәйкес білінеді. Яғни, девиантты мінез-құлықтың пайда болуы мен дамуы, ең алдымен, қоғамдық шарттарға және жақын әлеуметтік шарттарға тәуелді болады.

Жасөспірімнің тұлғалық қасиеттерін қоғамдық шарттар қалыптастыратыны белгілі болса, онда жасөспірім балада девиантты мінез-құлық пайда болуына әсер ететін отбасыдан басқа бірнеше факторлар ықпал етеді. Ол мектеп, жасөспірімнің араласатын достары, заман талабы, бұқаралық ақпарат көздері, компьютер, телевизор, интернет және т.б. болып табылады.

Жасөспірімдердің девиантты мінез-құлық түрлерінің адамға қаншалықты зиян екенінен беймәлім болып жатады, олар туралы жеткілікті білімдері жоқ. Себебі қазіргі таңда жасөспірімдер мектепке сенімдерін жоғалтқан. Мектепте көп уақыт болмауға және қоғамдық жұмыстарға қатыспауға тырысады. Оқуды тастап кеткен жасөспірімдер саны көбейіп келеді. Бұл мектептерде сапасыз мамандардың толып кетуімен байланысты. Қазіргі көптеген мұғалімдер өз мамандықтарына немқұрайлы қарайды, соған сәйкес оқушыларды оқуға, білім алуға қызықтырып оқытпайды. Мұғалімге берілген 45 минутты олар жасөспірімдерге еш пайдасыз өткізетіні байқалады. Сол себепті жасөспірімнің оқуға ынтасы болмай, көзін қызықтырған жағымсыз мінез-құлықтарға еріп кетеді. Осыдан кейін мектептен еш қанағат

алмаған жасөспірімнің бос уақыты көбейіп, өзінің қажеттілігін басқа жақтан алып, теріс қылықтарды игеріп алуы мүмкін.

Мұғалімдер оқушыларды сабаққа қызықтырып, оған қызығушылық танытып оқытатын болса, онда жасөспірім өз талпынысын сол білімге жұмсайды. Және жасөспірім шақта мектепте ішімдіктің, нашақорлықтың және басқа да зиянды заттардың қауіпті жақтары туралы үнемі ақпараттандырып отыру керек. Жасөспірімнің бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға ат салысу қажет, ол әртүрлі өнер үйірмелеріне, қосымша сабақтарға, қоғамдық жұмыстарға қатыстыру арқылы жүзеге асады.

Жасөспірімдердің бойында девиантты мінез-құлықтың пайда болуына бұқаралық ақпарат құралдарының да алатын орны ерекше. Ақпарат құралдары арқылы жасөспірімді қаншалықты девиантты мінез-құлықтан қорғайтын болсақ, соншалықты бұқаралық ақпарат құралдары жасөспірім бойында әртүрлі девиантты мінез-құлықтың пайда болуына өз ықпалын тигізеді.

Көптеген зерттеулердің нәтижесінде теледидар бағдарламаларынан, фильмдерден, видеолардан көрсетілетін зорлық көріністері кейінгі агрессияның дамуымен байланысты екені анықталып отыр. Агрессивті мінез-құлықтың теледидар арқылы қалыптасуы келесідей көрінуі мүмкін:

1. Телебағдарламаларға шектен тыс әуестену агрессивті фантазия туғызып, өзін сол кейіпкерге ұқсату;
2. Мәселелерді шешуде агрессивті тәсілді игеріп алып, адамдарға әсер ету;
3. Агрессивті әрекеттерді қайталау;
4. Тұлғааралық мәселелерді шешуде агрессия туғызу, өз-өзін қорғау;
5. Агрессивті әдеттер, дамымаған әлеуметтік және оқу дағдылары, фрустрация және т.б. [3].

Бұқаралық ақпарат көздері тұрпайы ақпараттың, порнографияның қайнар көздері болып табылады. Осыған орай теледидар, интернет жасөспірімнің жыныстық өміріне негативті әрекетін көруге болады. Бұқаралық ақпарат көздері тарататын жыныстық қатынастың құндылықтары, нормалары және стереотиптері шынайылықтан әлдеқайда алыс. Жастарды өзара сүйіспеншілік пен жауапкершіліктен жұрдай қылатын еріксіз жыныстық қатынасқа бағыттайды. Осының салдарынан жасөспірімдер арасындағы ерте жезөкшелік орын алып жатыр. Ол бірінші ата-ананың, мектептің, сыныптастарының немқұрайлығы болса, екінші жағынан заман өзгерісіне байланысты бұқаралық ақпарат көздерінің ашық теріс әрекеттері, әрі бұл олардың жариялауға рұқсат берген үлкен қателіктері.

Келесі бұқаралық ақпарат көздерінің жағымсыз факторы бұл – есірткіні насихаттау. Әрине, олар есірткінің адамға зиян екенін қаншалықты насихаттаса, соншалықты оның жасөспірімдерге сән ретінде, болымсыз төтенше жағдайды сезінудің құралы ретінде фильмдерде, жарнамаларда көптеп таратады. Себебі жасөспірімдер осы шақта экстремалды жағдайларға,

сезімнің терен күйзелісін сезінуге өте бейім, олар осы уақытта барлығын да татып көруге дайын болатыны мәлім.

Басқа да аномальды ақпараттардың әсерінен, мысалы көбінесе дінге қатысты теріс ақпараттар жасөспірімдер арасында суицидтік мінез-құлықтың таралуына жол берді. Бұл жасөспірімдерде нақты толық пайдалы білімнің жоқтығымен, жасөспірімдермен ешқандай жұмыс атқарылмаушылықпен байланысты. Сол себепті жасөспірімдердің арасында девиантты мінез-құлықты болдырмас үшін, жасөспірімдермен ауқымды, қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтитын жұмыс жүргізіп отыру керек.

Жалпы қазіргі таңда телебағдарламаларда, прессада әлеуметтік тұрақсыздықты, отбасы және туыстық байланыстардың үзілуін, балалардың қараусыз қалуын, олардың қоғамға қарсы қылықтар мен заңға қарсы әрекеттерін, алкоголизм мен нашақорлықты ерекше ынтамен алға қойып отыр. Бұның барлығы еңбекке жарамсыз ұрпақтың қалыптасуына, білім алу қадірін және адал ақша табуды жоғалтады. Алайда әлеуметтік дезадаптация бұл қайтарымды үрдіс. Сондықтан бұқаралық ақпарат құралдары жария ететін ақпараттарын өңдеу үшін психологтарды және әлеуметтік қызметкерлерді қатыстыру міндетті.

Сонымен, жасөспірімдер бойында девиантты мінез-құлықтың пайда болуына қоғамдық шарттардың ықпалы мол. Жасөспірімді девиантты мінез-құлыққа итермелейтін – қоршаған орта. Себебі бала қоғамға жат мінез-құлықтармен бірге тумайды, оны дұрыс жолға тәрбиелейтін де, нормадан ауытқытатын да – қоғам. Ал жасөспірімнің жеке тұлғалық қасиеттерінің ерекшеліктері сол қоғамда таңдау жасауға бағыт береді. Сондықтан, әр өсіп келе жатқан, қоғам есігін жаңа ашқан бойжеткен мен бозбалаға өмірдің оң және теріс бағыттарын көрсете отырып, оның өзіне де қоғамға да зиян келтірмейтіндей дұрыс таңдау жасауына жәрдем беру біздің парызымыз болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика / 074 Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. – 482 б.

2 Социализация и воспитание ребенка. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений / Голованова Н. Ф. – СПб.: Речь, 2004. – 272 с.

3 Проблемы девиации среди несовершеннолетних: Учебно-методическое пособие / Абдыкаримов Б. А., Байсеитова Ж. Б., Сатынская А. К., Оспанов С. С. – Астана: 2008, – 215 с.

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 18.09.12 редакцияға түсті.

A. P. Zhunusova, T. M. Tashimova

Роль семьи и окружающей среды в образовании девиантного поведения у подростков

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар. Материал поступил в редакцию 18.09.12.

A. R. Zhunusova, T. M. Tashimova

Role of family and environment in formation of deviant behavior of teenagers

Pavlodar state university named after S. Toraigyrov, Pavlodar.
Material received on 18.09.12.

В этой статье авторы рассматривают причины образования девиантного поведения у подростков. Показывают негативные стороны в воспитательной функции семьи и отрицательное влияние окружающей среды на развитие ребенка.

In this article authors examine reasons of formation of deviant behavior of teenagers. They show negative parts in the educative function of family and negative influence of environment on development of a child.

UDC 372.851

M. E. ISIN, A. B. NAYMANOVA, M. A. UAIKHANOVA

**ABOUT INTERRELATION OF COURSES
OF THE MATHEMATICAL ANALYSIS
AND MATHEMATICS TEACHING METHOD**

In this article interrelation of courses of the mathematical analysis and mathematics teaching method in the pedagogical institute is considered.

Modernization of school mathematical education has demanded improvement of the whole system of training the mathematics tutors at pedagogical universities, in particular, of change of training programs for mathematical and methodical disciplines. With introduction at schools into the mathematics course of the beginnings of mathematical analysis the content and purposes of the course of mathematical analysis have changed at the Faculties of Physics and Mathematics of pedagogical universities. The mathematical analysis from general educational one has turned into

